

### **Кемербаев Р.**

PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан, Астана қ., e-mail: ra2030@mail.ru

## **ҚИЛЫ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ**

Қазақ халқының басына түскен зардабымен қоса, қайғы-қасіреттің қайдан келетінін алдын ала болжап, ханның алдында дабыл қағып турашылығымен елдің есінде қалған оғандары тарихтан өз орындарын алды. Қилы заманның болатындығын сезіп, сәуегейлік жасаған Асан Қайғының есімін Қазақ тарихында алтын әріппен жазуға тұрарлық. Қазақ хандығының негізін қалауға өлшеусіз үлес қосқан, заманның қилы-қилы болатындығын ескертіп, «Жерұйық» идеясымен елді таң қалдырған Асан Қайғының философиясына әлі де дендеп кіре алмаудамыз. Мақала айтулы тұлғаның тұнып тұрған философиясын түсінуге талпынған ізденістің бір көрінісі ғана.

Сонымен қатар, қазақ дүниетанымында көптеп кездесетін ұғымдардың бірі «заман». Қазақ әдебиетінің тарихында «заман» түсінігінің 200-ден астам түрі бар екендігі анықталды. Тек, қазақ халқына қатысты «заман» ұғымының шығу тарихына шолу жасалып, философиялық категория ретінде қабылдауға ден қойылды.

**Түйін сөздер:** Асан Қайғы, Заман, Қилы заман, Зар заман, Қазақ философиясы, Жерұйық, Мәңгілік Ел, Қазақ Елі.

Kemerbayev R.

PhD, L.N.Gumilyov Eurasian National University,  
Kazakhstan, Astana, e-mail: ra2030@mail.ru

## **The philosophy of the era of Change**

The article reviews the philosophy of Asan Kaygi and the concept of «Zheruyik». Role of Asan Kaygi in the history of Kazakh philosophy still studying in modern terms. Every age has own problems, superficial thinkers, and ruling khans. They live in an atmosphere of anticipation and predictability of those difficulties. It is determined by the fact that Asan Kaygi's place is differ from as it is supposed to predict the difficulty of the future.

We also can see other manifestations of the philosophy of the Change and the spiritual support of the ideas of Asan Kaygi. The fate of Bukhar Zhyrau is similar to the life of Asan Kaygi.

It is noted that Bukhar Zhyrau plays a key role in the history of Kazakhstan. Analysis of the meaning and significance of the notion of time and analyzed his role in the Kazakh philosophy.

**Key words:** Asan Kaygy, Kily zamy, Kazakh philosophy, Zheruik, Mangilik El. Kazakh Country.

Кемербаев Р.

PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Казахстан, г. Астана, e-mail: ra2030@mail.ru

## **Философия эпохи перемен**

Личности, постигшие до глубины трудности и страдания своего народа, чтящие справедливость народные судьи, высоко несущие знамя чести и справедливости защитники народа заняли достойное место в истории. Эти знаковые фигуры чувствовали все трудности, выпавшие на плечи народа, вместе с тем, они ясно осознавали причины и источники этих проблем, смело доносили свою тревогу до ханов и султанов. Имя Асана Кайгы, пророчески сумевшего предсказать выпавшие в дальнейшем на долю казахского народа скорбь и боль, достойно быть вписанным золотыми буквами в историю Казахского ханства. По сей день еще не достаточно

изучено философское наследие Асан Кайгы, внесшего значительный вклад в становление Казахского ханства, представившего идею «Жерұйық» и предсказывавшего многочисленные испытания, которые выпадут на долю народа. Данная статья является попыткой постижения глубины философии выдающейся личности.

Вместе с тем, в казахском мировоззрении одним из часто встречающихся понятий является понятие «заман». Выясняется, что в истории казахской литературы имеется более двухсот определений данного понятия. В данной публикации осуществлен исторический анализ возникновения понятия «заман», которое осмысливается в качестве философской категории.

**Ключевые слова:** Асан Кайгы, Заман, Килы заман, Зар заман / время скорби, казахская философия, Жерұйық, Мәңгілік Ел, Қазақ Елі.

## Кіріспе

Қазақ философиясының тарихында өзіндік орны бар Асан Қайғының дүниетанымындағы ой-тұжырымдардың өзектілігі қазіргі күнде арта түсті. Себебі, заманның тарлығын, қазақ халқының аспанын қара бұлт басатындығын алдын ала болжаған. Жыраулық философияның іргетасын қалаған Асан Қайғының ой-санасы өзгеше, дүниетанымдық құлшынысы өте зор болатын. Жыр жолдарындағы ой мен идея найзағай іспеттес, қоғамды жарқ-жұрқ еткізді. Түсінген адамға ой салады.

Елдік мүдденің еңсесін жоғары ұстаған Асан Қайғы кемеңгер тұлға. Жаңа идея туғызып, қоғамның кемелденуіне өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Рухани құндылықтарды дәріптеп, халқының арасында абыройлы, сүйікті тұлғасына айналды. «Жерұйықты» іздеп, адам аяғы баспаған жер, тау, көл, өзендерді көрді. Көрген жерлерге мінездеме беріп, жағрафиялық түсінігімізді кеңейтті. Сол заманда берген (жер, тау, өзен атауларына) сипаттамасы шын мәнісінде қазіргі күнмен сәйкес, дөп келуімен өзекті. Бұдан түсінетініміз Асан Қайғының өмірде болғандығы, Қазақ хандығының кемелденуіне атсалысқандығын байқаймыз. Қазақ халқының философиялық түсінігі жыр жолдарында көрініс тауып, поэзия үлгісінде кең қанат жайғандығымен ерекшеленеді. Бұндай үрдіс тек Қазақ халқына тән дүние.

«Қилы заман» ұғымы қазақ әдебиеттану ғылымы тұрғысынан зерттеліп жүргенімен, философиялық категория ретінде әлі күнге дейін қарастырылмаған. Жыраулық философия мен зар заманды айтамыз да, қилы заман ұғымының мәні мен мазмұнын жете түсіне алмай жатамыз. Айталық, қазақ дүниетанымында «заман» ұғымының 150-ден астам түрлері бар екендігін біріміз білсек, екіншіміз білмейміз. Мысалы: қилы заман, ақыр заман, нар заман, зар заман, тар заман, қу заман, амал заман, өзгерістер заманы және т.б.

Заманына қарай философиясы, құндылықтар жүйесі өзгеріп отырады. Өзгерген заманда біз не істеуіміз керек, тығырықтан шығатын жолды іздеп санамыз сан тарапқа жүгіреді. Бұл мақалада осы бағыттағы ізденістің бір парасы ғана.

## Зерттеу әдістері

Мақаланың әдістемелік негізі ретінде Асан Қайғының жер, су, тау, көл атауларына және өлең жолдарындағы негізгі философиялық ұғымдарына талдау жасалады.

Тақырыпты талдау барысында Асан Қайғының жыр жолдарындағы терең ойлар мен «Жерұйықты» іздеуі ғылыми бағдарға айналады. Зерттеу мақалада «заман» ұғымына гуманитарлық білімдерде кеңінен қолданылатын философиялық әдістер мен тарихи-компаративистикалық әдіс, ал жыр жолдарына герменевтикалық талдаумен қатар, сыни ойлау дәстүрі тұрғысынан қаралады.

## Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Қазақ философиясының қайнар көзінде поэзиялық мәтіндер жатқандығы тарихтан белгілі. Аңыз, мифологияда, мақал-мәтелдерде, поэзияда дүниетанымдық ойлар орын алған. Терең танымдық дүниелер сипатталып, көркем тілде айшықталды. Соның негізінде жыраулық философия кеңінен қанат жайды. Жыраулардың дүниетанымдық шығармаларының негізінде өмірдің мәнін түсіну (экзистенциализм) мен табиғатпен бірге болу үндесіп жатты. Елді бірлікке шақырып, қой үстінде бозторғай жұмыртқа қалаған заманды аңсады. Ел басқарушы хандардың әділ, қара халықтың мұң-мұқтажын ескеруді қалады. Асыл мұрат, ізгі ниеттерін жалынды жыр жолдарына қосып, отты толғауларына қосты.

Рухани мұрамызды байытып, елдігімізді нығайтқан ата-бабаларымыздың көтерген жүгі ауыр болды. Қазақ халқының алдында ар-

намысты бірінші қойып, өздеріне артылған сенім үдерісінен абыроймен шыға білді.

Сондай сенімнен шыға білген ойшыл, саяси қайраткер, жиһанкез, жыршы Асан Қайғының шығармашылығы өте қызықты, әрі терең ойға толы.

Заманның заңғар тұлғасына айналып, өз заманының шынайы суреткері ретінде қоғамның болмыс-бітімін боямасыз бізге жеткізгендігімен құнды. Өткір жыр жолдарымен хан алдында тайсалмай сөйлей білген, елдің қамын ойлап, қайғыға батқан. Өз заманының парасатты перзенті Асан Қайғының шығармашылығын қазіргі заман тұрғысынан зерттеу өзекті. Себебі, Асан Қайғы айтқан қилы заман, тура бүгінгі күнді, осы заманды меңзеп тұрғандай.

Жер, су, тау, көл атауларына қатысты айтқан жыр жолдары арқылы тарихи-географиялық түсінігіміз артып, жердің қадірін түсіне бастаймыз.

«Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін?» немесе «жер қадірін жүрген біледі» деген қанатты сөздер бекерге айтылмаса керек. Қарға тамырлы әр қазақ үшін «жер» өте қастерлі, қасиетті ұғым екендігін тарих көрсетті.

### Негізгі бөлім

Қазақ философиясында ел болып, ұйысып мемлекет құру идеясы – Асан Қайғыға тиесілі. Ойшылдың тәуелсіздік философиясы мен жерді сипаттауы Қазақ елінің ел болып қалыптасуына өшпес із қалдырғаны сонша, оның сол заманда берген сипаттамасы, бүгінгі күнмен дөп келетіндігі.

Асан Қайғы қазақтың ру, тайпаларының басын біріктіріп, іргелі ел, мемлекет болуға талпынған Керей мен Жәнібек сұлтандардың жанынан табылды. Қолдады. Ақыл, кеңес берді.

Қилы заманда қақтығыстар мен қайшылықтарды реттеу (медиатор), ел-жұрттың жағдайын жақсартуда Асан Қайғы хан алдында өзінің турашылдығы мен сыни ойлай білгендігімен биік.

Асыл азаматтарды туғызған заман туралы ой жүгіртейік. Заман қазақша. Орысша Эпоха. Еркін Википедия энциклопедиясында – Эпоха – длительный период, выделяемый по каким-нибудь характерным явлениям, событиям. В истории это период, «меньший, чем эра»; например, эпоха Возрождения» деген анықтама берілген.

Қилы заман философиясын орыс тілінде – «Философия эпохи перемен» деп алдым. Осы атаумен орыс тілді материалдарды іздестірдім.

Мардымды материал таппадым. Бұдан түйгенім: «Заман», «Қилы заман», «Зар заман» тек қазақ халқының дүниетаныма тиісті ұғымдар екендігіне көз жеткізуге болады.

Әдебиеттану ғылымында заман ұғымына қатысты көптеген түсініктер, анықтамалар жеткілікті. Солардың негізгілеріне тоқталайын.

Заман – зат. 1. Дәуір, кезең. 2. Мерзім, уақыт, кез. 3. Өмір сүрген уақыт. 4. Халық, жұрт, ел деген мағынада. 5. Тар. Белгілі бір уақыттан басталатын күнтізбелік жылдар есебінің жүйесі, жылдар есептемесі, эра. Араб елдеріндегі жыл есебінің жүйесі хиджра заманы деп аталады, оның дәуірі б.з. 622 жылының 16 шілдесі, жұма, сол күні Мұхаммед Меккеден Мәдинаға келген. Ертедегі халықтар әртүрлі замандарды қолданып келген. Мұндай замандардың белгілерінің саны 200-ден астам (Ысқақов, Уали, 2001: 65-66).

Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздікте (философия және саясаттану сериясы) заман, дәуір – эпоха деп берілген (Қазақша-орысша сөздік, 2014: 99).

Дегенменде, «Заман» ұғымының кең ауқымды, әртүрлі мағына беретіндігін байқаймыз. Ал, философиялық қырынан әлі де толық мәні ашылып, зерттеле қоймаған категория қатарында.

«Заман – деген бір күнде орнап, сол күні-ақ бар мазмұнын айқындап беретін базар емес, ұлы да ұзақ сұрыпталатын кезең. Оның ділін-дінінен бастап философиялық мазмұнын бір күнде ұғыну қиын» (Мүсірепов, 1993: 442).

Заманның анықтамасын анықтап, осымен бітті деп шешім шығара салу мүмкін емес. Себебі, заман ұғымы мағынасы кең, жан-жақты қарастырылатын дүние.

Осы уақытқа дейін әдеби тұрғыдан ғана қарастырылып, талданып келген «заман» ұғымын философиялық категория, қазақ философиясының үлкен бір кезеңіндегі ой дамуы ретінде алып отырмыз. Қазақ философиясы тарихының ауыр кезеңін сипаттайтын заман ұғымына философиялық рең беріп, заманның замандас ойшылдарының заман туралы дүниетанымына тоқталамыз.

Көркем шығарма өзін туындатқан, дәуірмен тығыз байланысты. ... сонысымен де оның көркемдік үлгілері тарихи тұрғыдан ерекшеленіп тұрады – деп Л.И. Тимофеев айтқандай, зар заман поэзиясында отаршылдық кезеңдегі қазақтың қасіреті, ұлттың арман-мұраты шынайы бейнеленді. Дәуірдің бет-бейнесі, замана адамының мінез-құлқы жанды сурет, ойлы образдар арқылы көрініс тапты (Омарұл, 2005: 8).

Заманның өзі тудырған философиялық терен мұңды ойларын, сол заманның қоғамдық-көркем бейнесі ретінде қабылдау маңызды. Заманның айнасы іспеттес. Турашылдық, қоғамды қалай көрсе, сол күйінде жырға қосып айту, заманның өзгешелігі еді. Алдап кету, өтірік мақтау айту, оларға тән дүние емес. Ханның алдында бұғып, сыртқа шығып жамандау олар үшін жат дүние. Сол шыншыл, турашылдығымен ханның алдында да, халықтың алдында да абыройлы болғанын байқауға болады. Ойшыл, философ ретінде дүниетаным негіздері заманның бағыт-бағдарымен ұштасып, қабаттасып жатты. Тек ойға салынып кеткен жоқ, қайраткерлік көрсетіп, азаттық үшін күресті, жанын берді. Болашақтан үміт үзбеді.

«Заман» ұғымы сан қырлы, жан-жақты ұғым. Тек әдеби тұрғыдан емес, тарихи, саяси, әлеуметтік, мәдени және философиялық жағынан қарастыруға болатын әмбебап категория. Заман ұғымын саяси тұрғыдан қарайтын болсақ, заманның құндылықтарына, сол кезде өмір сүрген ойшыл, қайраткерлердің шығармаларына қарап, биліктің кейпін, басқарушы хан, көшбасшылардың саяси жүйесін аңғаруға болады. Заманның заңдылықтарын, ой үрдістің даму бағытын білеміз. Биліктің басқару жүйесі мен заң шығарушы органдардың құрылымынан, тетіктерінен хабар алуға болады. Қилы жолдардан өткен халықтың да тағдыры, жүріп өткен жолы да әр түрлі. Күрсініп көзге жас алатын кездерді де, жадырап күндей жайқалған дәуірді де тарихтан білеміз.

Хакім Абайда заманға қатысты, өзі ойын 37 қара сөзінде былай жеткізеді: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» (Құнанбайұлы, 2005:123).

Әр адам, сол заманның өнімі. Заманның адамға, адамның заманға тікелей қатысы бар. Заманды қалыптасыратын, ондағы адамның жақсы, жаман ететін ортасы деп тұжырым жасайды. Сондықтан да заманның жаман немесе жақсы болуына тікелей әсері ететін, орта қалыптастыратын өздері екендігіне тоқталады.

Соған қарамастан, Хакім Абай заман туралы, сол кездегі қазақ халқының азып, тозып, қиын жағдайға ұшырағанын мына өлең жолдарынан көреміз:

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.  
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,  
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың,  
Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінекей, бұзған жоқ па елдің сиқың?  
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» (Абай, 2002:16).

Тура осы өлең жолдары, қазіргі заманымызды меңзеп тұрғандай. Айрандай ұйып отырған елдің ішіне іріткі салып, қоздыратын, провокациялық әрекеттерге баруға дайын замандастарымыз баршылық. Әлеуметтік желідегі кереғар ой, посттардың сипаты соған дәлел.

Әркімді заман сүйремең,  
Заманды қай жан билемең?  
Заманға жаман күйлемек,  
Замана оны илемек, –

дейді.

Абай үшін заман және адам егіз ұғым. Бірақта, заманның күші, ыркы жоғары. Заманды билеу деген, бос әурешілдік. Керісінше, заман адамды билеп, өз ырқына көндіріп тұрған жоқ па?!

«Дүние – үлкен көл,  
Заман – соққан жел,  
Алдындағы толқын – ағалар,  
Артқы толқын – інілер,  
Кезекпенен өлінер,  
Баяғыдай көрінер...» (Абай, 2005:123).

Хакім Абайда заманның үнемі өзгерісте болатындығын, жаман мен жақсының өзгеріп, дүниенің алмасып тұратындығын айтса керек. Бүгінгі ағалардың ізін інілері басатындығы заңдылық. Кешегі әділеттіліктің ақ жолындай сезінген коммунизм заманы, сол кездегі коммунистердің ұраны келмеске кетті. Қазіргі заман, мүлдем басқа. Елбасы айтқандай дүбірлі, алмағайып заман.

Бұдан артық қалай айтуға болады? Жүйелеп, нақты не істеу керектігін шегелеп айтып тұрған жоқ па?! Әр қазақ осы сөздерді санасына сіңіріп өссе, құба құп болар еді. Өнер, білім, ғылым салтанат құрса, оған бөлінетін қаржы ұлғайса, бұдан да көп жетістіктерге жететіндігіміз анық.

Абай атамыздан кейін, Асан қайғының өмір сүрген уақытына байланысты, толымды, дәйекті пікір білдірген кемеңгер жазушы, ойшыл Мұхтар Әуезов болды. «Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан бастал-

са, арты Абайға келіп тірелгенімен, алғашқы өкіліне Асан қайғыны жатқызады. Асан қайғы ел аузындағы әңгіме бойынша әз-Жәнібектей алыс заманның тұстасы деп, оның Жәнібекке арнап айтқан бір-екі толғауын келтіреді. Бірақ, ол Асанның өмір сүрген кезеңі Абылай дәуірінің айналасы, одан аз-ақ бұрын өткен сияқты деген болжамын айтады. Оған дәлел ретінде Асан қайғы толғауларының ішіндегі:

«Орыс алар қалаңды, шулатып қатың, балаңды»,  
Ол күнде қарындастан қайырым кетер,  
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.  
Ұлы, қызың орысқа бодан болып,  
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер –

деген жыр жолы болса керек.

Асан Қайғы сөздерінің бәрі терең ойлы, мағынасы – тылсым, жұмбақ. «Алғашқы рет келешек заманның құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп, болжам айтқан Асан Қайғы. Сол заманның өзінде басқа жерге ауайық десе де, өлең сөзді қауымның қызметіне жаратуға кіріскен тағы да сол. Зар заман ақындарының барлығындағы сары уайым Асан бастаған сарын. Сондықтан зар заман ақындарының алғашқы белгісі Асан Қайғыдан басталады» (Әуезов, 1991:201).

«Белгілі тарихшы Құрбанғали Халид «Тауарих хамса» атты еңбегінде Асан есімі бұрын «Хасан болған» десе, ғалым, әдебиеттанушы Мұхтар Әуезов Асан қайғы туралы аңыздардың төркінін зерттей отырып, оның әз-Жәнібектің тұсында өмір сүруі тарихи шындыққа сай келмейтінін аңғарды. «Әдебиет тарихы еңбегінде» Асанның Абылайдың тұстасы болмаса да, соған жақын кезеңде өмір сүргенге ұқсайды деген пікір айтады. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегінде Асан туралы ойды толғай отырып, ол туралы аңыздарды халық аңсаған арман-тілек бейнеленген кейіпкер екенін аңғартады (Әуезов, 1969:174).

Академик Сейіт Қасқабасов «Миф пен эпсананың тарихилығы» атты зерттеу еңбегінде Асан туралы әңгімелерді халық прозасының эпсана жанрына жатқызады. Сонымен қатар, халық пікірінде әлеуметтік утопияның үш сатысы болатынын, Асан туралы эпсаналардағы «Жер ұйық» іздеу сарынын осы әлеуметтік утопияның алғашқы екі сатысына, халықтың орнаған қоғамға немесе әміршіге деген наразылық (протест) пен қарсылық (оппозиция) білдірген утопиялық ойлары түскенін жазады, «Жерұйық» мотивінің түп-тамыры көк, жер, жер асты әлемі

туралы шамандық ұғыммен байланысты екеніне назар аудартады [10, 89 б].

1. Асан Қайғының жыр-толғауларын жинақтап, әдеби-философиялық қырларын зерттеген ғалымдардан Кенжалы Толысбай (Толысбай, 2006:284), Бахыткүл Мамиева (Мамиева, 2007:28), Салахаддин Айтбаев (Айтбаев, 1973:8), Мұхтар Мағауин (Мағауин, 1968:156), Жазира Ошақбаева (Ошақбаева, 2011:164), Дүйсен Мағлұмов (Мағлұмов, 2014:96) Әбдімәлік Нысанбаев (Нысанбаев, 2011: 248), Есенбай Дүйсенбайұлы (Дүйсенбайұлы, 2002:260) аттарын атауға болады.

Асан Қайғы мұрасына қатысты тырнақ алды еңбектің қатарына тарихшы, философ, көп жылдар бойы Асан Қайғыны кешенді түрде зерттеумен айналысып келе жатқан Кенжалы Толысбайдың еңбегі қомақты. «Асан Қайғы» атты еңбегінің қорытынды сөзінде «Асан Қайғы тектес ойшылдарымыздың мәдени философиялық мұраларының негізгі идеяларын жаңғырту арқылы бірлік философиясын қалыптастыру еліміздің толыққанды рухани дамуының шарттары болып саналады» – дейді (Кенжалы, 2006: 269).

Ал, Қилы заман, өзгерістер философиясына қатысты Батыстық, Америкалық, Қытайлық, Ресейлік ғалымдардың еңбектерін де атап өткеніміз жөн.

Ежелгі Қытайда «Өзгерістер кітабы» («И цзин») кең таралған, сол замандағы өзгерістердің бағыт-бағдарына қарап, болашақты болжап отырған. Қытайда: «Сіздерді өзгерістер заманында өмір сүруінен сақтасын, егер сол заманда өмір сүрсең шексіз мүмкіндіктерді пайдалануды естен шығарма» деген нақыл сөзі қалған.

Қилы заман философиясына қатысты Немістің атақты философы Освальд Шпенглердің «Еуропаның күйреуі», Йозив Ратцингердің «Ценности в эпоху перемен. О соответствии вызовам времени», Ресейлік ғалым В.С. Степиннің «Философия в эпоху перемен» және В. Разумовтың «Философия эпохи перемен: о включении философии в реформирование университета» мақалаларымен танысуды ұсынамыз.

Асан Қайғының терең философиялық дүниетанымына қазіргі заман тұрғысынан тарихи-философиялық талдау жасау арқылы бойлай аламыз. «Жерұйық» идеясының өміршендігін және бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің идеяларымен сабақтастырып зерделеу өзінің нәтижесін берері анық. Демек, Асан Қайғының идеялары Қазақ хандығының құрылуына қызмет жасаған

болса, қазіргі күнде Қазақ елінің тәуелсіздігін нығайтуға септігін тигізетіндігіне сенімдіміз.

Қазіргі өркениет түбірімен өзгерістер алаңында тұр, алмағайып, дүбірлі, ақпарат заманында философия практикалық ғылымға айналып, Қазақ елінің болашағына жұмыс істеуін басты назарға алғанымыз жөн.

Әр заманның өз тарихы мен заңдылықтары, құндылықтары бірге жүреді. Әрбір заман өзінің тарихи ғұмырында – туу, даму, өсу және құлдырау кезеңдерін басынан өткізеді. Осындай өзгерістердің өзіндік объективті жақтары бар. Заман құлдырауының ең бірінші себебі, қоғамдық ой-сананың тығырыққа тірелуі, сол заманның озық ойлы ойшылдарының ойларын елеп, ескермеу, ең алдымен рухани азғындыққа, соңы мемлекеттің дағдарысына әкеледі.

Қазақ халқы да көптеген замандардан өтті. Қаншама қиындықтары да, толағай табысты кезеңдері де болды. Еркін халық та болды, бодандықтың қамытын да киді, соңында тәуелсіздіктің туын желбіретті.

Егемендіктің алғашқы негізін Қазақ хандығының сұлтандары Керей мен Жәнібек қалады. Сол замандарда бытыраңқы тайпа, рулардың басын біріктіріп, мемлекет құру оңай болмағаны ақиқат. Алайда, жан-жаққа тартқылаған сепаратистердің басын біріктіру, білектің күшімен жасалатын дүние емес. Найзаның ұшымен қатар, озық ойлы ойшыл, уәзірлердің еңбегі орасан зор деп білемін.

XV ғасырдан бастап, қазақ халқының тарихында қазақ елінің орны анықталып, қоғамның саяси, құқықтық негіздері қаланды, хандық билік құрылып, территориясы белгіленді. Соның арқасында саяси, философиялық ойлар айтылып, ғылым, білім, өнер өз жемісін бере бастады. Дала демократиясы орнығып, би, қазылар институты, елді, жерді қорғайтын батырлар институты, Хандық басқару жүйесі құрылды. Қала мемлекеттер салынып, Ұлы Жібек жолының өтуіне ыңғайлы болды. Ол қалалар мәдениет, ғылым, сауда-саттықтың ордасына айналып, Қазақ мәдениетін айшықтады. Отырар, Түркістан, Сығанақ, Тараз, Бозоқ, Қарқаралы елді мекендерінен заманның өркениетін байқаймыз. Қанша дегенмен, сол заман тұрақсыз, үнемі өзгеріс үстінде еді.

Ханның алдында өз ойын бүкпесіз айтқан, кез келген дауды әділ шеше білген, жердің сапасын анықтап, халықтың құрметіне бөленген Асан Қайғының абыройы асқақ еді. Асан іздеген «Жерұйық» шұрайлы қоныс қана емес, елін, жерін сыртқы жаулардан қорғайтын Қазақ

хандығы болатын. Халықтың болашағы мен елдің ертеңі үшін ойға батып «Қайғы» атанды. Желмаясына мініп сулы-нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс іздеді. Оны «Жерұйық» деп атады. Бармаған жері қалмады. Барған жерге өзінің бағасын беріп, соңында ханға келіп былай дейді.

Тіл алсаң іздеп қоныс көр,  
Желмая мініп жер шалсам.  
Тапқан жерге ел көшер,  
Мұны неге білмейсің?!

Ханның алдына келіп, мақтап қана қоймай, заманның өзгерісте екендігін, сол өзгерістер кезеңінде мүмкіндіктерді пайдалануын ескертеді.

«Алдағы күннен қауіп-қатер күтіп, келешектің келеңсіз бейнесін жасаудың нышандары Асан Қайғының, Бұқар жыраудың өлең-толғауларында кездеседі. Дей келе, бұл сарын зар заман ақындарының жырларында айқын көрінеді» – дейді Бауыржан Омаров (Омаров, 2001: 315).

«Зар заман – отаршылдық қысымын көрген елдің әдебиетінде рухани құндылықтардың азып-тозуына налудан, қоғамның болашағына үміт артпай, ізгілікті өткен өмірден іздеп, халықтың салт-дәстүрлері салтанат құрған кешегі күнін аңсаудан, ежелден ұлттық танымына, көшпенділік табиғатына жат құбылыстарды қабылдамай, дәуірге наразылық білдіруден туған ағым» деп баға береді (Бердібаев, Мағауин, Тлеухан, Айталы, 2006: 408),

Асан Қайғы шығармашылығындағы жыр-толғаулар сол замандағы тарихи шындыққа негізделді. Өйткені өз заманынан озып туған ойшыл, ханға тіке көзбен қарай білді, өз заманының шындығын ақтарып салды. Жәнібек пен Керей сұлтандардың Қазақ хандығына қатысты алаңдаушылығын білдіреді.

Әй, хан, мен айтпасам білмейсің,  
Айтқаныма көнбейсің.  
Шабылып жатқан халқың бар,  
Аймағын көздеп көрмейсің.  
Қымыз ішіп, қызарып,  
Мастанып, қызып терлейсің.  
Өзіңнен басқа хан жоқтай,  
Елеуреп неге сөйлейсің?!

(<http://bilim-all.kz/olen/3237-Ai-Abylai-Abylai>).

Жыр жолдарынан Асан Қайғының ханның алдына келіп, халықтың назын, өзінің пікірін тура бетіне басып салғанын аңғарамыз. Бұл

жерде басшының алдында екінің бірі сөз айта алмайтындығы анық. Осы жыр жолдарынан Асан бабамыздың абыройының асқақ, халық ішіндегі беделі жоғары екендігін көреміз. Одан әрі сөзінің соңында, заманның қиындап, бұданда асқан қиыншылықтың болатындығын болжап, футурологиялық ой түйеді:

...Ай, Жәнібек, ойласаң,  
Қилы, қилы заман болмай ма,  
Суда жүрген ақшортан  
Қарағай басын шалмай ма,  
Мұны неге білмейсің!?  
Хош аман бол, Жәнібек,  
Енді мені көрмейсің!

Асан Қайғы алда осындай қиын күн тұрғанын біліп, қазақ хандығының басындағы сұлтандарға ескерту жасайды, қара халықтың мұң-мұқтажын елеп, ескермеген ханды сынайды.

Болашақтың бұлыңғыр, қилы заманның болатындағын болжап, дұрыс жолға түсуін, ақылға келуіне шақырады. Мүмкіндікті пайдаланып, тығырықтан шығатын жолды көрсетеді.

Әрине Асан бабамыздың бұл жыр жолдары өзінің заманы емес, келесі ұрпақ үшін маңызды екендігін тілге тиек етеді.

Асан бабамыздың жыр-толғауларын естіп өскен Бұқар жырау Қалқаманұлыда (1668–1781) Абылайханның жанынан табылып, ақылшысы болған. Тағдырлары ұқсас, Қазақ хандығының тарихында қиын замандарда өмір сүріп, орасан еңбек сіңірді. Тәуелсіздік жолында басын бәйгеге тікті. Абылайханның ең жақын адамдарының бірі болып, үнемі жанынан табылды. Дұрыс жолдан тайып бара жатқанда, турашылдығымен Ханның өзін жыр-толғауларымен тәубеге келтіріп отырған. Айталық:

Ай, Абылай, Абылай,  
Жеңбеген жауын қалмады-ау,  
Алмаған жерің аз қалды-ау.  
Бетке алсаң әсте қоймадың,  
Алсаң тағы тоймадың,  
Несібеңді елден ойладың.  
Атаңды білмес құл едің,  
Ата-тегіңді сұраса,  
Арқар ұранды жат едің,  
Қай жерінде төре едің?!  
Жұлдызың туды оңыңнан,  
Жан біткен ерді соңыңнан.  
Он сан Алаш баласын  
Жусатып қойдай өргіздің,  
Жұмсап жүрсің қолыңнан.

Ай, Абылай, Абылай,  
Он бір ғана жасыңда,  
Әшейін-ақ ұл едің.  
Он бес жасқа келгенде,  
Әбілмәмбет төренің  
Арқада жүріп қаңғырып,  
Түйесін баққан құл едің.  
Абылай атың жоқ еді-ау,  
«Сабалақ» атпен жүр едің.  
Оны да көрген жерім бар,  
Жаныс Қарабайдың қолында,  
Түнде туған ұл едің (Мағауин, 1993:176).

Бұқар жырауда өте сыйлы, ақылды, ойшыл, елдің, жердің қамын жақсы білген. Абылайхан бабамыздың дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасаған.

Бұқар жырауда Қилы заманды жырлап, заманның қайшылыққа толы екендігін болжаған.

«Күнбатыстан бір дұшпан,  
Ақырында шығар сол тұстан.  
Өзі сары, көзі көк,  
Діндарының аты боп,  
Күншығысқа қарайды.  
Шашын алмай, тарайды,  
Құдайды білмес, діні жоқ,  
Жамандықта міні жоқ,  
Затсыз, тексіз бір кәпір,  
Аузы-басы жүн кәпір,  
Жемқорларға жем беріп,  
Азды-көпке теңгеріп,  
Ел қамын айтқан жақсыны,  
Сөйлетпей ұрар ұртына.  
Бауыздамай ішер қаныңды,  
Өлтірмей алар жаныңды,  
Қағазға жазар малыңды.  
Есен алар пұлыңмен,  
Солдат алар ұлыңнан,  
Күндердің күні, Абылай,  
Жаяулап келер жұртыңа,  
Жағалы шекпен кигізіп,  
Балды май жағар мұртыңа,  
Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан.»  
Мұнан соң қилы-қилы заман болар,  
Заман азып, заң түзіп, жаман болар.  
Ұлың, қызың орысқа бодан болып (Мағауин, 1993:176).

Бұл жыр-толғаудан Қазақ хандығы, Қазақ Еліне ең бірінші қауіп діні жоқ, өзі сары болатындығын айтқан. Айтқаны келіп, Қазақ

хандығының керегесі сөгіліп, Патша үкіметінің бодандығына кірді. Бұқар жыраудың айтқаны тура келді. Дінінен, тілінен, жерінен аластады. Қазақ халқы 400 жылға жуық бодандықтың зардабын көрді.

Бұл «Қилы заман» толғауының қалай туындағанын Мәшһүр Жүсіп Көпеев былайша түсіндіреді. Абылай хан бір салтанатты күнде ат үстінде Бұқардан сұраған: «Асан Қайғының қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар дегені не тантық, суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан шығады. Миға қонбайтұғын сөз ғой» – деп. Сонда Бұқарекен қырын қарап тұрып, атының басын бұрып, қамшысын ерінің үстіне арта салып, көзіне жас алып; «Әй, хан! Бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек!» деп, осы толғауды айтыпты (Қалқаманұлы : [kk.wikipedia.org/wiki](http://kk.wikipedia.org/wiki)).

Асан Қайғы, Бұқар жырау және тағы басқалары заманның заңдылығын, қиыншылығын түсініп, еліне, елді басқарып отырған Қолбасшыларға жол көрсеткен. Жыр-толғауларымен қара халықтың мұңын жоқтап, шешілуі тиіс мәселелердің шешілуіне ықпал еткен.

Жыраулық философия туралы Кемеңгер Мұхтар Әуезов былай ой түйеді. «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», – дейді (Қалқаманұлы: [kk.wikipedia.org/wiki](http://kk.wikipedia.org/wiki)).

Мұхтар Әуезовте «Қилы заман» атты повесть жазған. Асан Қайғы өз заманының қилы болатындығын сипаттаса, Мұхтар да өз заманының тамыршысы, ойшылы ретінде қатты алаңдайды. «Қилы заман» 1928 жылы Қызылорда қаласында бір рет жеке кітап болып басылып, қайта жарияланбады. Қуғын көріп, соқыр саясаттың соққысын жеп, біраз тергеуге алынды. Қудалауға ұшырады.

### Қорытынды

Қилы заманның заңғар жыршысы, қоғам және мемлекет қайраткері, жиһанкез Асан Қайғы өзі өмір сүрген заманның ахуалын көркем сөзбен шебер жырлап қана қоймай, жан-жүрегімен сезіп, ыстығына күйіп, суығына тоңып, қайғырды. Сол заманның ауыртпалығын басынан өткізді. Қилы-қилы оқиғалардың дәл ортасында жүрді.

Дүниетанымдық ұғымдар туғызып, жаңа идеяларды қоғам алдына ұсынды. Қазақ халқы «Жерұйықта» өмір сүру қажеттігін түсінді.

Міне, араға VI ғасыр салып, Қазақ Елі өз атамекенінде Асан Қайғы белгілеп, суреттеп кеткен дархан далада егемен ел атанды, «Жерұйыққа» айналды.

Ата-бабамыз аңсаған ақ арман орындалып, асыл мұраттардың жүзеге асқан сәтіне куәгер болудамыз. Ендігі мақсат, барымызды бағалап, жоғымызды түгендеу арқылы Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасына үлес қосу. Жаңа форматтағы жаңа қазақты қалыптастыру, сананы жаңғырту. Прагматикалық ойлау жүйесі, санасы таза, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген қазақты тәрбиелеу заманның қажеттілігі.

Қазақ елі – «Жерұйық» деп осыны айтса керек.

### Әдебиеттер

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Бес томдық / Жалпы редакциясын басқарған Ахмеді Ысқақов, Нұргелді Уали. – Алматы, 2011, 7 том. – 752 б.

Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Жалпы ред. басқарған М.Б. Қасымбеков. – Алматы: КАЗАҚПАРАТ баспа корпорациясы, 2014. – 488 б.

Мүсірепов Ғабит. Тұтқын қыз. – Алматы: Балауса, 1993. – 512 бет.

Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті. – Астана: Елорда, 2005. – 372 бет.

Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.

Абай. Қалың елім, қазағым ... Өлеңдер / Жауапты редакторы Зәки Ахметов. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.

Құнанбайұлы Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 бет.

Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

Әуезов М. Шығармалар жинағы. 12 томдық. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1969. 325 б.

Қасқабасов С. Миф пен эпсананың тарихилығы // Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы, 1994. – 312 б.

Кенжалы Толысбай. Асан Қайғы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 284 б.

Мамиева Бахыткүл. Асан Қайғы туралы аңыздар: филол. ғылым. канд. ғылыми дәреж. алу үшін дайынд. дисс. авторефераты. – Алматы: Арыс, 2007. – 28 б.



Айтбаев С. Асан Қайғы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 8 б., сурет.

Мағауин Мұхтар. Қобыз сарыны: XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары: монография. – Алматы: Жазушы, 1968. – 156 б.

Ошақбаева Жазира. Жыраулар даналығы. Философиялық пайымдаулар: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады; Бас ред. Ә.Н. Нысанбаев; жауапты ред. С.Е. Нұрмұратов. – Алматы, 2011. – 164 б.

Қазақ аңыз-әпсаналары / құраст.: Д. Мағлұмов, Ә. Тауұлы. – Алматы: Балауса, 2014. – 96 б.

Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). авт. ұжым: Ә.Н. Нысанбаев. Философия, саясаттану және дінтану ин-ты; жалпы ред.: З.К. Шәукенова, С.Е. Нұрмұратов. – Алматы, 2011.

Нар заман мен зар заман поэзиясы. Асан қайғыдан Әбубәкірге дейін: жыр-толғаулар / құраст. Е. Дүйсенбайұлы; ред. алқасы: А.П. Баранов. – Алматы: Раритет, 2002. – 260 б.

Толысбай Кенжалы. Асан Қайғы. – Алматы: Дайк-Пресс-2006. – 284 б.

Омаров Бауыржан. Қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымы (генезис, типология, поэтика): филол. ғыл. докт. ... дис. / әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық ун-ті; ғыл. кеңесші З.Қ. Қабдолов. – Алматы, 2001. – 315 б.

Он ғасыр жырлайды. Редколлегия алқасы: Р. Бердібаев, М. Мағауин, Б. Тлеухан, А. Айталы. – Алматы, 2006. – 408 б.

<http://bilim-all.kz/olen/3237-Ai-Abylai-Abylai>

Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: хрестоматия. (Төртінші кітап) / Құрастырған: М. Мағауин. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 176 б.

[kk.wikipedia.org/wiki/Бұқар\\_жырау\\_Қалқаманұлы](http://kk.wikipedia.org/wiki/Бұқар_жырау_Қалқаманұлы)

[kk.wikipedia.org/wiki/Бұқар\\_жырау\\_Қалқаманұлы](http://kk.wikipedia.org/wiki/Бұқар_жырау_Қалқаманұлы)

## References

Ahmediy Iskakov. Nurgali Uali. (2011) Qazaq adebi tilinin sozdigi. Bes tomdik. [The dictionary of the Kazakh literary language. Five volumes] Almaty: 7 volumes, p 752.

Kasymbekov M.M. (2014) qazaqsha-orissha, orissha-qazaqsha terminologialik sozdik. [Kazakh-Russian, Russian-Kazakh terminological dictionary]. Almaty, KAZAKHFORM publishing company, p. 488.

Gabit Musrepov. (1993) Tytkin kiz. [She is a girlfriend]. Almaty, Balausa, p. 512.

Omarovich. B. (2005) Zar zaman adebieti. [Contemporary literature]. Astana, the capital, p.372

Abay Kunanbayuly (2005). Shigarmalarinin eki tomdik tolik jinagi. [Full collection of two volumes of labels]. Almaty, Writer, p. 336.

Zaki Akhmetov. (2002) Qalin elim, qazagim ... Olender. [My nation, my dear ... Poems]. Responsible editor. Almaty, Atamura, p. 224.

Abay Kunanbay. (2005) Shigarmalarinin eki tomdik jinagi. [Full collection of two volumes of labels]. Almaty, Writer, p. 3367.

Auezov M. (1991) Adebiet tarihi. [The history of literature]. Almaty, native language, p. 240.

Auezov M. (1969) Shigarmalar jinagi. 12 tomdik. 2-tom. [Collections of works. 12 volumes. Volume 2]. Almaty: Writer, p. 325.

Kaskabasov S. (1994) Mif pen apsanenin tarihiligi. [Historiography of myth and epic]. History of Kazakh folklore A., p. 312.

Tolysbai Kenzhali. (2006) Asan qaigi. [Asan Kaygyn]. Almaty: Dik-Press, p. 284.

Bakhytkul Mamiyeva. (2007) Asan qaigi tyrali anizdar. [Legends about Asan Kaygy]. Almaty: Arys, p. 28.

Aitbaev. (1973) Asan qaigi. [Asan Kaygyn]. Almaty: Writer, p. 8.

Mukhtar Magauin. (1968) Qobiz sariny: XV-XVIII gasirlardaga jasagan qazaq aqin, jiraylari. [Kobyz sary: Kazakh poets, zhyrau in the XV-XVIII centuries. Monograph]. Almaty: Writer, Article 156.

Zhazira Oshakbaeva. (2011) Jiraylar danaligi. [Wisdom of Wisdom]. Almaty, p. 164.

Mälumov D., Tauule A.. (2014) Qazaq aniz-apsanalari. [Kazakh legends]. Almaty: Balausa, p. 96.

A.H. Nyssanbayev. (2011) Qazaq filosaftasinin tarihi. [History of the Kazakh philosophy]. (from ancient times to modern times). car staff: Philosophy, Political Science and Religious Studies, general ed. Almaty.

Dyusenbayuly E. Nar zaman men zar zaman poeziyasi. [Nar'y-yy and Zamzam's poetry. From Asan Kayak to Abubakir]. Almaty: Raritet, p. 260.

Tolysbai Kenzhali. (2006) Asan qaigi. [Asan Kaygyn]. Almaty: Dik-Press, p. 284.

Baurzhan Omarov. (2001) Qazaq adebietinin zar zaman agimi. [Modernization of the Kazakh literature]. Almaty, p. 315.

Berdibaev R., Magauin M., Tleukhan B., Aytaly A. (2006) On gasir jirlaidi. [It's a ten-year-old. Editorial Board]. Almaty, p. 408.

<http://bilim-all.kz/olen/3237-Ai-Abylai-Abylai>

Magauin M. (1993) Qazaq handigi dayrindegi adebiet. [Literature of the epoch of Kazakh Khanate. Chrestomatija]. Almaty, p. 176.

[kk.wikipedia.org/wiki/BarKary\\_Ayzy\\_Kalkamanuly](http://kk.wikipedia.org/wiki/BarKary_Ayzy_Kalkamanuly)

[kk.wikipedia.org/wiki/BarKary\\_Ayzy\\_Kalkamanuly](http://kk.wikipedia.org/wiki/BarKary_Ayzy_Kalkamanuly)